




## Қазақстан экономикасына қысқаша шолу

### Негізгі түйіндер

#### 2016ж. қаңтар-қыркүйекте қысқа мерзімді экономикалық индикатор өзгерген жоқ

2016ж. қаңтар-қыркүйекте қысқа мерзімді экономикалық индикатор өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 100% болды. Ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік және сауда салаларында көлемдердің ұлғайуына қысқа мерзімді экономикалық индикатордың өсуі себепші болды.



\*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі үлесі 63-64%-ды құрайды.

## 1. Макроэкономикалық индикаторлар

### 1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

т/б №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар-қыркүйек	2016ж. қыркүйек	% -бен		2016ж. қыркүйек 2016ж. тамызға
					2015ж. қаңтар-қыркүйекке	2015ж. қыркүйекке	
А		Б	1	2	3	4	5
1	<b>ІЖӨ (2016ж. 1-жартыжылдық үшін алдын-ала деректер)</b>	млрд. теңге	<b>19 354,3</b>		<b>100,1*</b>		
2	Өнеркәсіп	млрд. теңге	13 213,6	1 618,0	98,0	100,1	104,5
3	Ауылшаруашылығы	млрд. теңге	2 501,0	1 063,5	104,9	104,8	284,4
4	Құрылыс	млрд. теңге	2 079,4	344,7	106,9	107,5	108,8
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд. ткм.	372,4	45,1	100,2	99,7	103,1
6	Байланыс	млрд. теңге	501,7	57,4	96,9	100,0	101,0
7	Сауда (бөлшек тауар айналымы)	млрд. теңге	5 404,9	656,9	100,0	100,1	92,2
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд. теңге	5 067,6	724,9	104,1	99,7	108,7
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%			116,4	116,6	100,2
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%		5,0			
11	Орташа айлық номиналды жалақы*	мың теңге	139,4	139,3	113,8	110,6	97,8
12	Нақты жалақы индексі**	%				94,9	97,6

\* - Деректер 2016ж. 1 жартыжылдық үшін көрсетілген

#### Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

т/б №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар-тамыз	2016ж. тамыз	% -бен		2016ж. тамыз %-бен 2016ж. шілдеге
					2015ж. қаңтар-тамызға	2015ж. тамызға	
А		Б	1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млрд. долл.	38,4	5,3	72,1	83,9	105,6
1.1.	- экспорт	млрд. долл.	23,0	3,0	71,4	82,7	95,6
1.2.	- импорт	млрд. долл.	15,4	2,3	73,0	85,5	122,7
2	Орташа жан басына шаққандағы ном. ақшалай кіріс**	мың теңге	583,0	74,1	111,9	108,8	99,4

**Ескерту:** Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМСК), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік статистика Федералдық қызметінің деректері пайдаланылды. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай серпінді бірқатар деректерде өзгерістердің болуы ықтимал.

Қабылданған қысқартулар: ІЖӨ- ішкі жалпы өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ-нақты көлем индексі,

ТБИ - тұтыну бағасының индексі

\*\* - бағалау



## 1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2016ж. қаңтар-қыркүйекте өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс және көлікте өсудің жалғасуы байқалды. Негізгі капиталға инвестициялар баяу өсуі байқалды. 7 ай құлдыраудан кейін сауданың жай-күйі тұрақтандырылды.

## Оң үдерістер

т/б №	2016ж. қаңтар-қыркүйек %-бен 2015ж. қаңтар-қыркүйегіне	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар-тамыз %-бен 2015ж. қаңтар-тамызға
1. ІЖӨ (2016ж. 1-жартыжылдық үшін алдын-ала деректер)	100,1*	құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы мен көліктегі өсу*	
2. Өңдеу саласы	100,6	металлургия өнеркәсібі мен тамақ өнімдерін өндірудегі көлемдердің ұлғаюы	100,7
3. Ауылшаруашылығы	104,9	өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы өнім шығарудың ұлғаюы	104,9
4. Құрылыс	106,9	құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы	106,7
5. Көлік (жүк айналымы)	100,2	автомобиль және құбыр көлігіндегі жүк айналымының ұлғаюы	100,2
6. Негізгі капиталға инвестициялар	104,1	меншік қаражаты есебінен негізгі капиталды қаржыландырудың ұлғаюы	104,8
7. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	100,0	сауда-саттықтың төмендеуін дара кәсіпкерлер саудамен айналысатын кәсіпорындарды өсірумен өтеді.	100,0

\* - Деректер 2016ж. 1 жартыжылдық үшін көрсетілген

2016ж. қаңтар-қыркүйекте өнеркәсіптің тау-кен өндіру есебінен төмендеуі байқалды. Байланыс саласында мобильді байланыс, қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызмет көрсету көлемінің төмендеуі орын алды. Экспорт пен импорттың қысқаруына сыртқы сауда айналымының төмендеуі себепші болды.

## Теріс өзгерістер

т/б №	2016ж. қаңтар-қыркүйек %-бен 2015ж. қаңтар-қыркүйегіне	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар-тамыз %-бен 2015ж. қаңтар-тамызға
8. Өнеркәсіп	98,0	тау-кен саласындағы өндіріс көлемінің қысқаруы	97,7
8-1. Тау-кен өндіру саласы	95,6	өңделмеген мұнай өндірудің төмендеуі	95,2
9. Байланыс	96,9	мобильді байланыстан, қалааралық және халықаралық телефонды байланыстан түскен кірістердің төмендеуі	96,5
10. Инфляция	116,4	тауарлар мен қызметтердің барлық топтары бағаларының өсуі	116,4
11. Сыртқы сауда айналымы*	72,1	экспорттың, сол сияқты импорттың төмендеуі	70,4
11-1. Сыртқы сауда айналымы: экспорт*	71,4	минералды өнімдер, оның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің төмендеуі	70,0
11-2. Сыртқы сауда айналымы: импорт*	73,0	жабдықтар мен машиналар импортының төмендеуі	71,2

\*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп қалыптастырылды. Осыған байланысты, кестедегі деректер 2015ж. қаңтар-тамызға 2016ж. қаңтар-тамыз үшін %-бен сол жақ бағанда, ал 2015ж. қаңтар-шілдеге 2016ж. қаңтар-шілде үшін %-бен оң жақ бағанда келтірілген.




## Ішкі жалпы өнім

## 1.3. ІЖӨ өндіріс әдісімен

2016ж. 1-жартыжылдықта ІЖӨ 0,1%-ға өсті

ҰЭМ СК-нің есептік деректері бойынша, 2016ж. 1-жартыжылдықта ІЖӨ 2015ж. 1-жартыжылдықпен салыстырғанда нақты көрсеткіште 0,1%-ға өсіп, 19,4 трлн. болды.


Тауарлар өндірісі 0,1%-ға қысқарып, ал қызмет көрсету өндірісі өзгеріссіз қалды, бұл ретте өнімге салынатын салықтар 3,3%-ға өсті. 2016ж. 1-жартыжылдықта ІЖӨ құрамындағы тауарлар өндірісі мен қызмет көрсету өндірісінің үлестері тиісінше, 35,1% бен 58,5%-ды құрады.



2016ж. 1-жартыжылдықта құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік және жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар салалары ІЖӨ-нің өсуіне оң үлесін қосты. Тау-кен саласындағы төмендеу есебінен сауда көлемдерінің және өнеркәсіп өндірісі көлемдерінің қысқаруы ІЖӨ-іне теріс әсерін тигізді.

## 1.4. ІЖӨ түпкілікті тұтыну әдісімен

ҰЭМ СК алдын ала деректері бойынша, 2016 ж. 1-жартыжылдықтың қорытындылары бойынша түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген ІЖӨ 0,3%-ға азайып, 18,5 трлн. теңгені құрады. Түпкілікті тұтыну шығыстары 1,6%-ға өсті, жалпы жинақтау 1,5%-ға ұлғайды. Үй шаруашылықтарының, мемлекеттік органдардың және ҰШҚҚҰ\*-дың түпкілікті тұтынуға жұмсаған шығындары, тиісінше 1,2%, 2,6%, және 4,3%-ға өсті, негізгі капиталды жинақтауға жұмсалған шығындар 3,9%-ға артты. Тауарлар мен қызметтер экспорты, тауарлар мен қызметтер импорты 2016 жылғы 1-жартыжылдық үшін тиісінше 8,6%-ға, 4%-ға төмендеді.




\* - үй шаруашылығына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар

## 1.5. ТМД елдеріндегі ІЖӨ

2016ж. 1-жартыжылдықтың қорытындылары бойынша - Өзбекстан ІЖӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы

ҰЭМ СК және ТМД Статистикалық Комитетінің деректері бойынша 2016ж. 1-жартыжылдықта ТМД елдерінің арасында ІЖӨ-нің 2015ж. 1-жартыжылдығына қатысты ең көп өсу Өзбекстанға тиесілі (7,8%-ға өсу). Өзбайжан, Беларусь, Қырғызстан мен Ресейде 2016ж. 1-жартыжылдықта ІЖӨ-нің тиісінше, 3,4%, 2,5%, 2,3% және 0,9%-ға төмендеуі байқалды.



\* - Украина бойынша деректер 2015ж. және 2016ж. 2 тоқ. үшін көрсетілген



## 1.6. Негізгі ықпал ету факторлары

**Мұнайдың бағасы**

Бір жылдың ішінде Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы әлемдік тауар биржаларында 2,2%-ға төмендеп, 2016ж. қыркүйекте 46,2\$ құрады\*. Тау-кен өндіру саласында өндірістің көлемдері 2016ж. қаңтар-қыркүйекте 2015ж. қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда нақты көрсеткіште 4,4%-ға төмендеді. Сонымен қатар, ақшалай көрсеткіште өндіріс көлемі 24,2%-ға өсті, бұл теңгенің айырбастау бағамының әлсіреуіне себепші болды.

**Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемдері**

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндіруге тиесілі, 2016ж. қыркүйекте оның үлесі тиісінше 37,8%-ға тең болды.

2016ж. қаңтар-қыркүйекте өңделмеген мұнайды өндіру көлемі (НКИ) 2015ж. қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 4,4%-ға төмендеді. 2016ж. қаңтар-қыркүйекте өңделмеген мұнайды өндіру (табиғи көрсеткіште) 2015ж. тиісті кезеңіне қатысты 4,0%-ға төмендеді. 2016ж. қыркүйекте мұнайдың бағасы өткен айға қарағанда 2,2%-ға өсті. Тау-кен өндіру саласының НКИ-і 2016ж. тамызбен салыстырғанда 2,1%-ға ұлғайды\*\*.

\*- <http://econ.worldbank.org>

\*\*<http://stat.gov.kz>: 2016ж. қаңтар-қыркүйектегі өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері

\*\*\*-ҰЭМ СК деректері бойынша энергия ресурстарын өндіруші кәсіпорындардың бағалары

**Сыртқы сұраныс**


Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2016ж. қаңтар-тамызда ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 47,9%-ға тең болды), Қытайға (12,0%) және Ресейге (9,5%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2016ж. 2 тоқ. ЕО ІЖӨ (28) 1,8%-ға өсті, Қытайда ІЖӨ-нің өсуі 6,7% болды (2016ж. 3-тоқ. бойынша), ал Ресейде 0,6%-ға төмендеді.

**Сыртқы сауда айналымы****2016ж. қаңтар-тамыз**

2016ж. қаңтар-тамызда сыртқы сауда айналымы 27,9%-ға төмендеді (экспорт 28,6%-ға, импорт - 27,0%-ға төмендеді).


Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (2016ж. қаңтар-тамызда - 64,8%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар (36,9%) басымдыққа ие болды. Экспорттың қысқаруы мынадай тауарлар тобындағы төмендеуге себепші болды: минералды өнімдер - 37,3%-ға, химиялық өнеркәсіптің өнімдері - 14,6%-ға, металдар және олардан жасалған бұйымдар - 2,7%.

2016ж. қаңтар-тамызда барлық тауарлар топтары бойынша импорттың қысқаруы байқалды. Импорттың қысқаруына елеулі үлесін машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар енгізді, 2015ж. қаңтар-тамызға 33,8%-ға немесе жиынтық көрсетуде 2,9 млрд. \$ мөлшерде төмендеді.

**Экономикадағы ақша ұсынысы****Кредиттер бойынша берешек\*****2016ж. қыркүйектің аяғында жыл басымен салыстырғанда экономикаға кредиттің көлемі 0,1%-ға ұлғайды**

2016ж. қыркүйекте өткен айда экономикаға берілген кредит көлемнің өсуі 0,2% болды. 2016ж. қыркүйекте жаңа кредиттер беру көлемі өткен айға қарағанда 2,1%-ға артты (2015ж. қыркүйекпен салыстырғанда 5,5%-ға ұлғайды).

2016ж. қыркүйектің соңында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда экономикаға берілген кредиттердің көлемі 7,2%-ға ұлғайып, 12,7 трлн теңге болды. 2016ж. қыркүйектің соңына қатысты экономиканың барлық салалары бойынша кредит көлемі ұлғайды. Кредиттеу тиісінше, 20,9%-ға және 23,8%-ға өскен ауыл шаруашылығы мен байланыс бойынша кредиттеудің барынша көп өсімі байқалды.



\*-кезең соңындағы ҚРҰБ деректері бойынша

\*\* - өндірістік емес сала, жеке қызмет




## 2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКІ

## Тауарлар өндірісі

## 2.1. Өнеркәсіп


## Өнеркәсіп өндірісінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-қыркүйекте өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2015ж. тиісті кезеңмен салыстырғанда 2,0%-ға төмендеді (2016ж. қаңтар-тамызда - 2,3%-ға азаю, 2015ж. қаңтар-қыркүйекте - 1,0%-ға төмендеу). Бұл тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемінің төмендеуіне себепші болды.




## Тау-кен өндіру - өндіріс көлемінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-қыркүйекте тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемі 2015ж. тиісті кезеңге қарағанда 4,4%-ға төмендеді (2016ж. қаңтар-тамызда - 4,8%-ға төмендеу, 2015ж. қаңтар-тамызда - 1,8%-ға төмендеу). Есепті кезеңде мұнай (4,4%), көмір және лигнит (6,4%) және темір кендерін (14,7%) өндіру төмендеді. Табиғи газ (4,0%) және түсті металл кенін (9,4%-ға) өндіру көлемі ұлғайды.



## Өңдеу - өндіріс көлеміндегі өсудің жалғасуы

2016ж. қаңтар-қыркүйекте сала бойынша ұлғаю 2015ж. тиісті кезеңмен салыстырғанда 0,6%-ды құрды (2016ж. қаңтар-тамызда, 2015ж. қаңтар-қыркүйекте - 0,7%-ға өсу). Металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 7,8%-ға (2016ж. қаңтар-қыркүйекте өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 44,1%-ды құрады) ұлғайды, оның ішінде негізгі асыл және түсті металдар өндірісінің өсуі 10,6%-ды құрады. Ақық-түлік өніміндегі өндіріс көлемінің ұлғаюы 3,5%-ды құрады (2016ж. қаңтар-қыркүйекте өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 17,6%-ды құрады).



## 2.2. Құрылыс


## Өсудің жалғасуы

2016ж. қаңтар-қыркүйекте жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2015ж. тиісті кезеңмен салыстырғанда 6,9%-ға өсті. Құрылыс жұмыстары құрамындағы 90,0% үлес салмағын иемденген құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 9,7%-ға ұлғайды. 2016ж. қаңтар-қыркүйекте өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарының көлемі тиісінше, 13,9%-ға және 12,3%-ға төмендеді.




**2.3. Ауылшаруашылығы****Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы өнім көлемі өсуінің жалғасуы**


Ауылшаруашылығы секторы 2016ж. қаңтар-қыркүйекте 2015ж. тиісті кезеңіне қарағанда 4,9%-ға өсті (2016ж. қаңтар-тамызда - 4,9%-ға өсу, 2015ж. қаңтар-қыркүйекте - 3,1%-ға өсу), бұның ішінде өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы өнімнің көлемі 2015ж. тиісінше 7,0%-ға және 2,5%-ға ұлғайды.

**Қызмет көрсету өндірісі****2.4. Бөлшек сауда****Бөлшек тауар айналымы көлемінің өзгермеуі**


2016ж. қаңтар-тамызда жыл басынан бері байқалған бөлшек тауар айналымының құлдырауы еңсерілген. 2016ж. қаңтар-қыркүйекте бөлшек тауар айналымының көлемі өзгерген жоқ (2015ж. қаңтар-қыркүйекте - 2,4%-ға өсу). Дара кәсіпкерлердің тауарларды бөлшек сату көлемінің 2,4%-ға төмендеуі және саудамен айналысатын кәсіпорындарының тауарларды бөлшек сату көлемінің 2,1%-ға өсуі байқалды. Бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі дара кәсіпкерлер және саудамен айналысатын кәсіпорындардың үлестері тиісінше, 46,3% және 53,7% құрайды.

**2.5. Көлік (жүк айналымы)****Жүк айналымы әлсіз өсуі**

2016ж. қаңтар-қыркүйекте көлік саласындағы жүк айналымының көлемі 2015ж. қаңтар-қыркүйектегі мәндермен салыстырғанда 0,2%-ға ұлғайды (2016ж. қаңтар-тамызда - 0,2%-ға өсу, 2015ж. қаңтар-қыркүйекте - 7,2%-ға төмендеу), бұл құбыр, сондай-ақ автомобиль көлігіндегі жүк айналымының 1,4%-ға ұлғаюына себепші болды, олардың жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлестері тиісінше, 19,7% және 33,8%-ды құрады.

**2.6. Байланыс****Қызмет көрсету көлемінің төмендеуі**

2016ж. қаңтар-қыркүйекте байланыс қызметі көлемінің төмендеуі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,1%-ды құрады (2016ж. қаңтар-тамызда - 3,5%-ға төмендеу, 2015ж. қаңтар-қыркүйекте - 1,7%-ға өсу). Төмендеудің негізгі факторлары - мобильді байланыстан түскен кірістердің 13,9%-ға төмендеуі және қалааралық және халықаралық телефон байланысына түскен кірістердің 22,1%-ға төмендеуі, олардың байланыс қызметі құрылымындағы үлес салмағы тиісінше 32,6% және 5,1% болды.








## 3. Инфляция

## 3.1. Тұтыну бағаларының индексі

## Айлық инфляцияның баяу өсуі

2016ж. қаңтар-қыркүйекте инфляцияның деңгейі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 16,4% болды, бұл тауарлар мен қызметтердің барлық топтары бағаларының өсуіне себепші болды. Айлық инфляция 0,2%-ды құрады, 2016ж. қыркүйекте азық-түлік тауарларының бағалары өткен айға қарағанда 0,3%-ға төмендеді, ал азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,6%-ға, ақылы қызмет көрсету 0,4% мөлшерінде өсті.




## 4. Инвестициялар

## 4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

## Негізгі капиталға инвестициялардың баяу өсуі

2016ж. қаңтар-қыркүйекте инвестициялардың өсуі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,1%-ды құрады (2016ж. қаңтар-тамызда - 4,8%-ға өсу, 2015ж. қаңтар-қыркүйекте - 3,5%-ға өсу). Негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты, олардың үлесі 60,7%-ды құрады.

2016ж. қаңтар-қыркүйекте инвестициялардың өсуіне қаржыландыру көздері бойынша негізгі үлесін меншікті қаражат (12,7%-ға өсу) және басқа да қарыз қаражаты (12,7%-ға өсу) есебінен инвестицияларды қаржыландырудың ұлғаюуы енгізді. Инвестициялардың өсуіне пайдалану бағыттары бойынша негізгі үлесті ауыл, орман және балық шаруашылығы (50,9%-ға өсу), көтерме және бөлшек сауда (32,1%-ға өсу), өнеркәсіп (7,9%-ға өсу) пен жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар (1,7%-ға өсу) енгізді.




## 5. Еңбек нарығы

## 5.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

## Жұмыспен қамтылғандардың төмендеуі


2016ж. қыркүйекте 2015ж. қыркүйекпен салыстырғанда жұмыспен қамтылғандардың саны 1,2%\*-ға азайып, ал жұмыссыздар саны 1,1%\*-ға артты. Жұмыссыздық 5,0%\* деңгейде қалды.



## 5.2. Жалақы және халықтың кірістері

## Халықтың нақты ақшалай кірістерінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-қыркүйекте орташа айлық номиналды жалақының өсуі 2015ж. қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 13,8%-ды құрады, нақты жалақы 2015ж. қыркүйекке қарағанда 5,1%-ға төмендеуді көрсетті. Нақты ақшалай кіріс (бір айға кешігумен қалыптастырылатын бағалау көрсеткіші) 2016ж. тамызда 7,5%-ға төмендеуді көрсетті.



\* - жұмыспен қамтудың жаңа стандарттары ескерілген бағалау деректері